

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

3. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы: Ғылым, 1993. 160-б. (200).
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. 386-б. (464).
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. 122-123 б. (256).

УДК 961/959 (5Каз)

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ҒЫЛЫМДАҒЫ ТҰЖЫРЫМДЫ ҰСТАНЫМДАР

Камидуллаева Меруерт Ерсұлтанқызы

kamidullaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің
студенті, Астана

Ғылыми жетекші: А.И. Оразбаева

Адамзат тарихында әрдайым төзімсіздік соғыс, діни көзқарас бойынша кудалау мен идеологиялық қарсы тұрушылықты тудырып, фанатизм, тіл тигізу мен адам құқықтарын бұзушылық түрінде көрініс берді. Біртіндеп, адамдар бұл өмірде күн көру үшін өмір сүру жолын, өзара қарым-қатынастарды өзгерту керек екендігіне көздерін жеткізді. Әлем жұртшылығы бейбітшілікті қамтамасыз ету тұрғысынан ұлтқа, тілге, нәсілге, дінге бөлінуден гөрі бірігуге көбірек көңіл бөліп, халықтар ендігі жерде әлемнің мультимәдениеттілігін аңғарып, бұндай жағдайда бір-бірінің пікірін, бұрыннан қалыптасқан наным-сенімі мен көзқарастарын, салт-дәстүрі мен құндылықтарын жат көрмей, мүмкіндігінше құрметтеу керектігін, өзімен өзі окшауланбай, ойда, пікірде, көзқараста ашықтық қажет екенін түсіне бастады. Бүгінгі уақытта бірқатар салаларда жиі естілетін, гуманитарлы ғылымдардың (тарих, саясат, психологиялық, педагогикалық, діни, әлеуметтік) ең өзекті тақырыптарының біріне айналып отырған толеранттылық ұғымы. Толеранттылық азаматтық қоғамды құру кезіндегі заманауи өркениеттің тіршілік етуі мен дамуы барасындағы фундаменталды демократиялық құндылық ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік қарым-қатынастың жаңа түрі ретінде қарастырылатын толеранттылық түрлі мәдениет пен өркениеттің өзара ықпалдасу, мәдениеттер мен өркениеттер ішіндегі өзара ықпалдасу, мәдениеттер ішіндегі диалог проблемасы болып табылады және де бұл проблема полиэтникалық тұрғыдан алғанда ерекше және әлемдік қауымдастыққа сіңіп бара жатқан қазіргі Қазақ елі үшін өте өзекті болып табылады. Сондықтан да қазіргі заманда азаматтардың бойында толеранттылықты тәрбиелеу білім беру саясатының басты мақсаттарының біріне айналды. 1995 жылы ЮНЕСКО толеранттылық принциптерінің декларациясын қабылдап, онда төзімділік рухы мен ашықтылық, мәдениеттердің бай алуан түрлілігін, өзін өзі көрсету әдістері мен адами индивидуалдылығын құрметтеу мен дұрыс түсіну керектігі туралы айтылды. Жыл сайын 16 қарашада бүкіл әлем бойынша Халықаралық толеранттылық күні атап өтіледі [1]. Және де бұл сөздің көптеген тілдерде ұқсас түрде дыбысталады: 1) tolerancia (испанша) — өзіндікінен ерекшеленетін идеялар мен пікірлерді мойындау әдісі; 2) tolerance (французша) — өзге адамдардың саған қарағанда өзгеше ойлай және әрекет ететіндігіне жол беретін қарым-қатынас; 3) tolerance (ағылшынша) — төзімді, кішіпейіл болуға дайын болу; 4) kuanrong (қытайша) — өзгелерге қатысты кеңпейілділік таныту; 5) tasamul' (арабша) — кешірім, рақымшылық, ибалық, жұмсақтық, аяушылық білдіру, мейірбандылық, төзім, өзгелерге деген елгезектік; 6) терпимость (орысша) — бір нәрсеге немесе біреуге шыдау, төзімді, табанды болуы, бір нәрсенің немесе біреудің бұл өмірде бар екендігіне көне білу, өзгелердің пікірімен санасып, кішіпейіл болу [2, 2-б.]. Толеранттылық принциптері декларациясында берілген анықтамаға сәйкес, «мәдениеттердің бай алуан түрлілігін, өзін өзі көрсету әдістері

мен адами индивидуалдылығын құрметтеу мен дұрыс түсіну» [2, 2-б.]. Бұл анықтама өзге адамдар, олардың ұлты, нәсілі, терісінің түсі, тілі, діні мен өмір сүретін орнына деген төзімді түрде қарым-қатынас жасауды білдіреді.

Толеранттылық – бұл өзгелердің пікірлері мен әрекеттеріне үнсіз көну, бас иіп шыдау деген сөз емес, ол өзге мәдени, ұлттық, діни және әлеуметтік орта адамдарымен оң тұрғыда ықпалдасу үшін этностар, әлеуметтік топтар, түрлі субъектілер арасында өзара түсіністік болуына арналған белсенді адамгершілік әрекет. Толеранттылықты зерттеу саласындағы белгілі бір жетістіктерге қарамастан, ғылыми категория ретіндегі бұл ұғымның талдауы оның іске бағытталған мағынасында бүгінге дейін көлеңкеде қалып келеді. Энциклопедиялық сөздікте толеранттылық (лат. *Tolerantia* – төзімділік) түсіндіріледі: 1) ағзаның қоршаған ортадағы қайда да болсын фактордың қолайсыз әсеріне көну қабілеті; 2) өзгелердің пікірі, наным-сенімі, қылықтарына төзу [3, 1352-б.].

Шетелдік сөздер сөздігінде толеранттылық – бұл «өзгелер пікірі мен наным-сеніміне төзімділік; өзгелерге деген кішіпейілді қарым-қатынас» [4, 253-б.]. Айтар болсақ, «толеранттылық» сөзі (және оның нұсқалары) В.Дальдің, С.И.Ожеговтің сөздіктерінде, М.Фасмер, П.Я.Черныхтың этимологиялық сөздіктерінде де кездеспейді. Мұның өзінде «толеранттылық» ұғымы педагогикалық, психологиялық сөздіктерде, сондай-ақ жекелеген синонимдік сөздіктерде шектен тыс көп кездеседі. Оның орыс тіліндегі ең көп таралған ұқсас сөзі «терпение» мен оның туындылары – «терпеть», «терпимость» болса, қазақ тілінде «төзімділік», «түсіністік», және «сыйлақтық» түсіндіріледі. Сол себепті бұл сөздің семантикасы мен этимологиясын түсіну үшін тағы да сөздіктерге жүгінейік. С.И.Ожегов сөздігінде: «Терпение(төзім) – 1) төзу қабілеті; 2) қандай да болсын іс, жұмыс барысында табандылық, тұрақтылық пен шыдамдылықты танытып, ізінен қалмау (соңғы түсініктемеде, біздіңше, төзімнің мазмұндық контекстін тұлғаның жігерлік өзін-өзі реттеуі мен мақсатқа ұмтылушылығы ретінде санаудың барлық негіздері бар). Төзу–1) қандай да болсын нәрсеге шыдап, бастан өткеру (зардап, ауырсыну, жағымсыз, көңілге жақпайтын нәрсе); 2) біреудің немесе бір нәрсенің бар екендігіне көну; 3) бір нәрсені бастан кешіру (жағымсыз, ауыртпалығы бар нәрсе, мысалы, жеңіліс табу, сағы сыну); 4) кейінге қалдырып, күте тұра алатындай болу (уақыт жетеді). Төзімділік – бұл біреуге немесе бір нәрсеге төзімділікпен қарау. [5, 649-б.].

Тағы бір айта кететін жәйт, орыс тілінде «толеранттылық» сөзінің синонимдарына «толерантность» «либерализм, терпение-төзім, мягкость-жұмсақтық, ибалық, либеральность-либералдылық, невзыскательность-көнбістік, нетребовательность-босбуындық, снисходительность-кішіпейілділік, снисхождение-кішіпейілділік» сөздері жатқызылған [1]. Шетелдік сөздер «либерализмді» азат (лат. *Liberalis*) деп түсіндіреді. «Мына мағынада да қолданылады: 1) еркін ойлау; 2) аккөңілділік, жауларға, жау идеологияға, теріс құбылыстарға көндіге қарау; шектен тыс жайбарақаттылық» [4, 138-б.].

Толеранттылықтың неғұрлым толық анықтамасын өзінің жұмысында В. Н. Гуров жазған: «Толеранттылық — қысымды қолданбай, негізінен түсіндіру мен көз жеткіздіру арқылы әртүрлі мүдделер және т.б. өзара түсіну мен келісімге ұмтылудан көрінетін өзге адамдардың мүдделері, сенімдері, нанымдары, әдеттері мен қылықтарына деген қарым-қатынасты сипаттайтын моральдік қасиет. Өзге адамның өз сенімінің болуын мойындаудың, құрметтеудің түрі болып табылады» [5, 41-б.]. Толеранттылықты көптеген гуманитарлық ғылымдар зерттейді. Ең алғаш рет «толеранттылық» ұғымын ағылшын иммунолог П. Медовар енгізді және де ол ағзада белгілі бір ауру белгілерін тудыратын дәріге немесе өзге затқа деген адам тарапынан жауаптың төмен болуы немесе мүлде болмауын білдірді. Сол себепті емдік әсерге қол жеткізу үшін науқас қабылдайтын препараттың мөлшерін үнемі арттырып отыруы керек. Адамның бойында толеранттылықты тудыратын кейбір дәрілер адамды оларға тәуелді етіп қоюы да мүмкін. Иммунологиялық толеранттылық та бар, яғни бұл кезде ағза өзге антигендерге қатысты иммунды реактивтілікті сақтаған жағдайда белгілі

бір антигеннің енгізілуіне жауап ретінде антиденелерді синтездеуге қабілетсіз болатын кезі, бұл органдар мен тіндерді трансплантологиялау кезінде өте маңызды нәрсе болып табылады.

Отандық тарих ғылымында толеранттылық мәселесіне толық тоқталып, зерттелген анықтама жоқтың қасы. Дегенмен де, қазақ тілінде толеранттылыққа балама ретінде бүгінгі күнде «төзімділік», «тағаттылық» сөздері қолданылып жүр. Бұл орыс тілінен лынған тіке аударма. Отандық ғалымдар Б.Г.Нұржанов пен А.М.Ержанова өздерінің еңбектерінде: «төзімділік» көбіне тұрмыстық немесе медициналық мәнді білдіреді. Толеранттылық болса анағұрлым кең мәдени, тарихи, әлеуметтік және философиялық ұғым. Бұдан бөлен, «төзімділік» бұл қасиеттің пассивті қырын көрсетсе, «толеранттылық» белсенді, позитивті қатынасты білдіреді» [6] екі сөздің мағынасын осылай көрсетеді. Сондай ақ, Хайруллина Г.М. «Толеранттылық- ұлтаралық келісімнің негізі»[7], Қартбаева Ж.Ж. «Толеранттылыққа баулудың философиялық негізі»[8], Бағашаров Қ. «Діни толеранттылық: кеше және бүгін»[9] еңбектерінде қазақ халқының толеранттылық мәселелерін діни философиялық тұрғысынан қарастырады.

Толерантты адам—бұл өзгелердің мүддесі, әдеттері, нанымдарына құрметпен қарап, зорлық-зомбылықсыз, қысымсыз оларды түсінуге, өзара келісімге келуге тырысатын адам. Ғылыми әдебиетте толеранттылықтың келесі түрлері аталады: 1) гендерлік (өзге жыныстың өкілдеріне қатысты алдын ала теріс түсініктің болмауы, өзге жыныстың өкіліне кемшіліктерді бетке баспауға жол бермеу, жыныстық тұрғыдан кемсітушіліктің, сексизмнің болмауы); 2) жас жөнінен (жасы келіп қалған адамдарға қатысты теріс пікірде болмау, құрметпен қараушылық); 3) білімдік тұрғыда (білімі жоғары адамдардың өзінен білімі төмен адамға деген төзімділікпен қарауы және білімі төмен адамдардың жоғары білімді адамдарға төзімділікпен қарауы); 4) ұлтаралық (түрлі ұлттар мен мәдениет өкілдеріне этноцентризм, ксенофобия, агрессивті национализмсіз, «ұлттық артықшылық сезімінсіз» теңдес ретінде қарау); 5) нәсілдік (алдын ала қате түсінікті ұстанбау, нәсіл жағынан кемсітпеу, расизмның болмауы); 6) діни (өзге адамдардың діни наным-сеніміне төзімділікпен қарау, конфессия аралық шыдамсыздықтың, діни фанатизмнің болмауы); 7) географиялық (елдің астанасында тұратын тұрғындардың шағын және провинциалды қалалар, елді мекендер, деревнялар мен ауылдардан келгендерге қатысты алдын ала теріс пікірде болмауы және керісінше); 8) тапаралық (межклассовая) (әл-ауқаты, яғни әлеуметтік жағдайы түрлі адамдардың — байлардың кедейлерге және керісінше жөнді қарым-қатынас жасауы); 9) физиологиялық (науқас, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты төзімді түрде қарым-қатынас жасау); 10) саяси (түрлі партиялар мен бірлестіктердің қызметіне, олардың мүшелерінің айтақан пікірлеріне қарым-қатынас, соның арқасында фашизм, тоталитаризм, империализм, саяси репрессиялар идеологиясы саясатының таралуына кедергі келтіру); 11) жыныстық— ориентациялық (дәстүрлі емес жыныс ориентациясындағы (бейімділіктегі) адамдарға қатысты алдын ала теріс пікірде болмау); 12) маргиналды (маргиналдар: үй-күйсіз өмір сүріп жатқан, кедей, нашакор, ішкілікке салынған, сотталған адамдарға қатысты толеранттылық және т.б.)[10, 44-б.].

Көптеген дереккөздер көндігуімен, төзімділігімен байланыстыратын толеранттылық ұғымының сипаты әлдеқайда кең. Толеранттылық адамдар арасындағы тамаша қатынастардың мінездемесі және бірлескен мәдени қауымдастыққа ие бір мәдени норма ретінде кіре алатын және моральдік құндылық. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті әрбір қазақстандықтың өнегелік деңгейін, биік мәдениетін,оның барлық ұлт пен этникалық топтардың мүдделеріне қатыстылығының көрсеткіші болып табылады. Ұлт пен ұлыстардың қарым қатынас мәдениеті —бұл тұлғаның қарым қатынас процесіндегі моральдік-этникалық мінез-құлық нормаларына айналған озық ұлттық, жалпыадамзаттық принциптер негізі, ол ұлттың дамуы барысында туындап, барлық халықтардың іс жүзіндегі, Қазақстанның да, сол сияқты, әлем халықтарының да ұлттық мүдделерін, тілдері мен дәстүрлерін, ерекшеліктерін құрметтеуді, сыйлауды негіздейтін халықаралық келісіммен және толеранттылықпен сипатталады.

Қолданылған әдебиет:

1. ЮНЕСКО «Толеранттылық қағидаларының декларациясы» // 16қараша, 1995жыл.
2. Сультеев Д. Единство разных (к Международному дню толерантности) // Воспитание школьников. – 2008. – № 9.
3. Советский энциклопедический словарь /Гл.ред. А.М.Прохоров. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – 1632 с
4. Краткий словарь иностранных слов /Сост. С.М.Локшина. – М.: Русский язык, 1984. – 352 с.
5. Ожегов С.И. Словарь русского языка /Под ред. Н.Ю. Шведовой. – М.: Русский язык, 1987. – 750 с.
6. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Толерантность как духовная ценность// Алматы, 2013.
7. Хайруллина Г.М. «Толеранттылық- ұлаларлық келісімнің негізі»// «Зайырлы қоғам: дін мен дәстүрдің өзара байланысы» атты республикалық ғылыми тәжірибелі конф материалдар жинағы
8. Қартбаева Ж.Ж. «Толеранттылыққа баулудың философиялық негізі»
9. Бағашаров Қ. «Діни толеранттылық: кеше және бүгін» - Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2014ж., 52б.
10. Толерантность в современном обществе: опыт междисциплинарных исследований: сборник научных статей / под научн. ред.М.В. Новикова, Н.В. Нижегородцевой. – Ярославль : Изд-во ЯГПУ, 2011. -357с.

УДК 930.2:003.345 (48)

ИНФОРМАТИВНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ЭПИГРАФИЧЕСКОГО ИСТОЧНИКА НА ПРИМЕРЕ СКАНДИНАВСКИХ РУН

Курзенкова Алла Александровна

a.kurzenkova@donnu.edu.ua

кандидат исторических наук кафедры специальных отраслей исторической науки
исторического факультета, Донецкого национального университета, Винница, Украина

Историческая наука в Украине не стоит на месте. В течение последних нескольких летв гуманитарной сфере появилось немало интересных работ, посвященных как теоретическим, так и практическим проблемам историографии, источниковедения и специальных исторических дисциплин.

Несмотря на достаточно широкий спектр источников, ученые постоянно пытаются его расширить для увеличения поля исторического исследования. Руны – многогранный источник, они одновременно выступают вещественными, письменными и изобразительными носителями информации, которая очень мало изучалась отечественными источниковедами и привлекалась в исторических исследованиях.

Мировоззренческая и духовная культура, основанная на рунах, до сих пор в значительной мере представляют «вещь в себе». В то же время руны являются одним из основных духовных истоков не только современной культуры Северной Европы, но и смежных славянской и тюркской.

В условиях активной модернизации истории зарубежные исследователи все больше актуализируют вопросы, связанные с определением рунологии в научном знании и ее связи с рядом смежных отраслей гуманитарного знания – археологией, палеографией, историей, этнографией, исторической географией. Это все больше привлекает внимание историков, археологов, лингвистов к ее объекту и предмету исследования: семантическому,